

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНА ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ

2023 жылдың I тоқсаны

Бөлшек саудалық депозиттер нарығының даму барысы

Ағымдағы жылдың 1-тоқсанында халық депозиттері бойынша оң үрдіс жалғасын тапты. Депозиттік базаның ұлғаюына теңгелік салымдарды қорғау бойынша мемлекеттік бағдарламаның аяқталып, өз салымдарын бір жыл бойы алмаған салымшылардың банктік шоттарына ағымдағы жылдың наурызында сыйлықақының есептелуі оң әсер етті. Нәтижесінде 1-тоқсанда жеке тұлғалардың депозиттері 231,8 млрд теңгеге өсті (немесе +1,4%) (1-сурет). 2023 жылдың бірінші тоқсанында жаңа шоттардың саны 3,8%-ға көбейді. Бұл шоттардың 2022 жылғы орташа тоқсандық өсімінен аз (5,0%). Осылайша депозиттік базаның өсімі негізінен жаңа шоттардың ашылуы есебінен емес, бұған дейін ашылған шоттардағы қалдық ақшалардың молаюы есебінен орын алды.

Банктердің бөлшек саудалық депозиттік портфелі жылдық тұрғыда 30,9%-ға жоғарылады. Теңгемен есептегенде бұл 4 трлн астам теңгені құрайды. Қорытындысында, халық депозиттерінің жиынтық көлемі 2023 жылдың 1-тоқсанының соңына қарай 17,1 трлн теңгеге жетті.

Бөлшек саудалық депозиттік базаның өсуін бұрынғыша теңгелік депозиттер қамтамасыз етіп келеді. Теңгелік депозиттердің тоқсандық өсімі 367,8 млрд теңгені құрады (+3,3%) (2-сурет). Бұл өсімге мемлекеттің теңгелік салымдар бойынша өтемақы төлеуі елеулі түрде үлес қосты. Өтемақы көлемі 306,6 млрд теңгені құрады.


Теңгелік депозиттердің өсімі жылдық тұрғыда 37,6%-ды көрсетті (+3,2 трлн теңге). Мұндай депозиттердің өсімі депозит нарығында қалыптасқан жоғары табыстылық есебінен қамтамасыз етілуде. Банктердің көпшілігінде капиталдандыру ай сайынғы негізде жүзеге асырылады.

Бірінші тоқсанда шетел валютасындағы депозиттер бойынша да аздаған өсім байқалды. Ол 0,8%-ды құрады. Алайда ұлттық валютаның нығаюы аясында теңгелік баламада валюталық депозиттер 135,9 млрд теңгеге (-2,4%) азайды. Дегенмен жылдық есепте оң серпін сақталуда – валюталық сегмент 890,5 млрд теңгеге (+18,9%) ұлғайды (3-сурет). Шетел валютасына анау айтқандай сұраныстың болмауына теңгелік депозиттер бойынша мөлшерлемелердің айрықша тартымдылығы әрі тұрақтылығы, сондай-ақ бағамдық серпіннің шартты түрде болжауға келмейтіндігі себеп болуда.


Депозиттерді сегменттер бойынша орналастыру құрылымы

- *Бұқаралық сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеге дейін болатын депозиттер.*
- *Орта сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейін болатын депозиттер.*


1-сурет. Бөлшек саудалық депозиттердің өсуі жалғасуда



2-сурет. Депозиттік база өсімінің қозғаушы күші – теңгелік депозиттер



3-сурет. Валюталық депозиттер долларлық баламада өсуде



- *Ірі сегмент – қалдық ақшасы 50 млн теңгеден асатын депозиттер.*

Сегменттер бойынша депозиттер құрылымында халық көңілінің бұқаралық сегменттен орта және ірі сегментке ойыса бастағаны байқалады. Орта және ірі сегменттің өсуіне азаматтардың табыс деңгейінің жалпы өсуі (2022 жылы халықтың орташа айлық жалақысы 23,8%-ға өсті), сондай-ақ теңгелік депозиттік өнімдер бойынша табыстылықтың жоғары болуы себеп болды. Әйтсе де, депозиттер құрылымында бұқаралық сегмент әлі де басымдыққа ие (депозиттердің жиынтық көлемінің 52,6%-дан астамы) (4-сурет). Орта және ірі сегменттердің үлесі бір жыл ішінде теңгелік бөлігінде орта есеппен 3 п.т.-қа, ал валюталық бөлігінде 1,3 п.т.-қа жоғарылады.

2023 жылдың бірінші тоқсанында ірі депозиттер айтарлықтай азайды (жылыстады) (5-сурет). Бұл құбылыс әсіресе депозит нарығының валюталық бөлігінде байқалады. Ірі валюталық депозиттердің динамикасына есепті тоқсанда салық төлеу кезеңінің басталуы, сондай-ақ шетел валютасындағы баламалы инвестициялау құралдарының болуы айтарлықтай әсер етті. Алайда бұл жылыстау 2023 жылдың 1-тоқсанында теңге бағамының нығаюы аясында бұқаралық және ірі сегменттерде валюталық депозиттердің ашылуымен өтелді.


Мерзімділік өлшемшарттары бойынша салымдарды орналастыру құрылымы

Мерзімділік шарттарына сәйкес келмейтін депозиттер (мерзімсіз депозиттер) банктердің ақшалай қор жинау ісінің негізі болып табылады. Халықтың мұндай депозиттерге қызығушылығы жоғары әрі (теңгелік мерзімсіз депозиттер бойынша) мөлшерлемелердің лайықты деңгейде болуы олардың тартымдылығын одан сайын арттыра түседі. Айталық, 2023 жылдың 1-тоқсанында мерзімсіз депозиттердің жалпы өсімі 1,7%-ды, ал теңгедегі мерзімсіз депозиттер бойынша – 5,5%-ды құрады. Есепті тоқсанда мемлекет тарапынан субсидияланатын депозиттерде айтарлықтай өсім байқалды (+7,5%). Жалпы мерзімділік шарттарына сәйкес келетін (мерзімді) салымдардан басқа депозит түрлерінің барлығының көлемі артты.


Есепті кезеңде тұрақты ақшалай қор жинау үлесі аздап өсті. Бұл өсім ең алдымен теңгелік жинақ салымдардың өсуімен негізделіп отыр (2023 жылдың 1-тоқсанында +5,4%). Шетел валютасындағы жинақ салымдар 26,7%-ға (-9,9 млрд теңге) азайды. Нәтижесінде тұрақты ақшалай қор жинау үлесі¹ 2023 жылдың 1-тоқсанының қорытындысы бойынша 0,1 п.т.-қа ұлғайып, 8,5%-ды құрады (6-сурет).

Салымдардың долларлануы


4-сурет. Бұқаралық сегменттің позициясы әлсіреуде



5-сурет. Ірі депозиттердің жылыстауы депозит нарығының жалпы серпініне әсер еткен жоқ



6-сурет. Мерзімсіз депозиттер - банктердің депозиттік портфелінің негізі



¹ Тұрақты қорланым тұрғын үй құрылыс жинақтары және мемлекеттік білім беру жинақ жүйесі асында ашылған депозиттерді қоспағанда, мерзімді және жинақ депозиттерді қамтиды

2023 жылдың 1-тоқсанының қорытындысы бойынша долларлану деңгейі рекордтық көрсеткішке жетті (7-сурет). Бұған теңгелік депозиттердің өскендігі және бір мезгілде депозиттік базаның валюталық бөлігінің теңгелік баламада қысқаруы себеп болды. Есепті кезеңде халық депозиттерінің долларлану деңгейінің төмендеуіне тұрғындар тарапынан теңгелік салымдарға деген қызығушылықтың жоғары болуы және қарастырылып жатқан кезеңде теңге жайғасымының нығаюы ықпал етті. Шынында теңгелік және валюталық салымдар арасында табыстылық бойынша айырмашылық айтарлықтай жоғары екені белгілі. Қорытындысында тоқсан соңында долларлану деңгейі 32,7%-ға төмендеді. Алайда валюта бағамына қарай түзетілгендігін ескеріп, долларлану деңгейі 33,4%-ды құрады.

Депозит нарығының барлық сегменттері бойынша долларлану деңгейінің төмендеп жатқандығы байқалады. 2023 жылдың 1-тоқсанында ірі валюталық депозиттердің жылыстауына байланысты, осы ірі сегментте долларлану деңгейі айтарлықтай төмендеді (8-сурет). Бірінші тоқсанда бұқаралық сегментте долларлану деңгейінің төмендеуі одан әрі жалғасты. Алайда оның төмендеу қарқыны депозит нарығының басқа сегменттеріне қарағанда әлсіз болды (-2,2 п.т.). Сонымен бұқаралық сегментте долларлану деңгейінің төмендеу қарқыны да бәсең тартты. Мұны есепті кезеңде валюталық депозиттердің ашылуымен түсіндіруге болады. Бұл ретте бұқаралық сегментте теңгелік депозиттердің өсу қарқыны валюталық депозиттердің өсу қарқынынан 15 еседен астам жоғары екендігін айта кеткен жөн.


Долларланудың жалпы деңгейі 32,7% екенін ескерсек (2022 жылдың 1-тоқсанында – 36,0%), мұнда ірі сегменттің үлесі 21,1%-ды (2022 жылдың 1-тоқсанында – 22,7%), бұқаралық сегменттің үлесі – 7,2%-ды (2022 жылдың 1-тоқсанында – 8,9%), орта сегменттің үлесі – 4,4%-ды (2022 жылдың 1-тоқсанында – 4,4%) құрады.

Сыйақы мөлшерлемесі

Халық депозиттері бойынша мөлшерлемелер банктердің максималды (шекті) мөлшерлемелер бойынша ҚДКБҚ ұсынысы негізінде қабылдаған шешімі негізінде бекітіледі. Шекті мөлшерлемелер өз кезегінде Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесіне және нарықтық мөлшерлеменің мәніне тәуелді. Ал нарықтық мөлшерлеме банктердің өзара бәсекелестігі нәтижесінде айқындалады. 2023 жылдың 1-тоқсаны барысында Ұлттық Банк инфляциямен күрес жүргізу аясында базалық мөлшерлемені 16,75% деңгейінде ұстап тұрды. Соған байланысты есепті кезеңде депозиттердің барлық түрлері бойынша Қордың шекті мөлшерлемелері де сақталды.


2023 жылдың бірінші тоқсанында мерзімсіз депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлеме өзгеріссіз қалды. Мерзімсіз депозиттер бойынша мөлшерлемелер 2022 жылдың желтоқсанында максималды көрсеткішке жетті.

7-сурет. Салымдардың долларлану деңгейі кезекті рекордтық көрсеткішке жетті



* долларланудың «психологиялық деңгейі» туралы сараптамалық пікірді білдіреді. Одан асып түсу банктік қор жинау жүйесі үшін белгілі бір тәуекелге әкеп соғады

8-сурет. Долларлану деңгейі барлық сегментте төмендеуде



9-сурет. Мерзімсіз депозиттер бойынша мөлшерлемелер өзгермеді




Сөйтіп екінші деңгейдегі банктер ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында өздерінің депозиттік өнімдері бойынша мөлшерлемелерді өзгерткен жоқ. Бірінші тоқсан барысында нарықтық мөлшерлеме 15,0% деңгейінде болды (9-сурет). Нарықтық мөлшерлеменің шекті мөлшерлемеге қатысты спреді 1,3 п.т. деңгейінде қалды (2022 ж. 1-тоқсанында 0,3 п.т.).

Тұрақты депозиттер (мерзімді және жинақ салымдар) бойынша нарықтық мөлшерлемелер де айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жоқ (10 және 11 сурет). Дегенмен ұзақ мерзімді тұрақты депозиттерге қарағанда қысқа мерзімді тұрақты депозиттерде оң өзгеріс көбірек байқалады. Банктер инфляциялық қысым азайып жатқан тұста жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді депозиттері бойынша жоғары мөлшерлемелерді белгілеуге тәуекел ете алар емес. Нәтижесінде қысқа мерзімді жинақ және мерзімді депозиттер бойынша спред² орта есеппен 1,7 п.т., ал ұзақ мерзімді депозиттер бойынша 3,9 п.т. деңгейінде қалыптасты.


ҚР Ұлттық Банкінің базалық сценарийі бойынша биыл жылдық инфляция 11-14%, 2024 жылы – 9-11% және 2025 жылы – 5,5-7,5% деңгейінде болады деп күтілуде. Инфляция енді біртіндеп төмендей береді. Өйткені оған әлемдік нарықта бағалардың арзандауы және жүргізіліп жатқан ақша-несие саясаттары ықпал етеді. Инфляциялық қысым азая бастаған соң, базалық мөлшерлеме де біртіндеп төмендей бастайды. Осылайша қазіргі уақытта салымдардың нақты табыстылығы оның нақты шамасынан әлдеқайда жоғары. Өйткені ол депозиттер бойынша ағымдағы мөлшерлемелер мен болашақ инфляция деңгейінің болжамдық мәні арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі.

Осы құбылысты ескерер болсақ, қазіргі уақытта салымшылар үшін жинақ салымдар ағымдағы жоғары мөлшерлемелерді ұзақ уақыт бойы сақтап тұрудың тамаша құралы болып табылады. 2023 жылдың бірінші тоқсанының аяғына қарай, 12 айға шақталған жинақ салымдар бойынша шекті мөлшерлемелер 16,9%-ға жетті (11-сурет).

10-сурет. Мерзімді депозиттер бойынша мөлшерлемелерде айтарлықтай өзгеріс байқалмайды



11-сурет. Жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелер депозит нарығында ең жоғары сыйақылардың бірі



² қалыптасқан нарықтық мөлшерлеме мен депозиттік өнімнің нақты түрі бойынша шекті мөлшерлеме арасындағы айырмашылық